ШАҒЫМ
Мемлекеттік сатып алу заңнамасының бұзылуы туралы

Мемлекеттік сатып алу нәтижелерінің шешіміне шағымданатын заңды тұлға:
«Жамбыл ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесі
БСН 101240003659
Алматы облысы, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 47 үй

Шағымданушы:
«Адам және қоғам» мемлекеттік емес ұйымы» қоғамдық бірлестігі
БСН 081040016121
Алматы қаласы, Думан-2, 57/1, 92 п.

Сатып алу конкурсы туралы мәліметтер

Конкурс нөмірі: **16388058-1**
Лот нөмірі: **84771537-ГС32**
Конкурс атауы: **Жамбыл ауданының тұрғындары арасында халық бірлігін, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті сақтау және нығайту, үйлесімді тіл саясатын (мемлекеттік тілді) ілгерілету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер
Мемлекеттік сатып алу нәтижелерінің хаттамасы: № **17150542**, 05.03.2026 ж.

Қазақстан Республикасының **«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабына** сәйкес әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу рәсімдері барысында қабылданған шешімдерге, егер бұл шешімдер оның құқықтары мен заңды мүдделерін бұзады деп есептесе, шағымдануға құқылы.
Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген конкурс нәтижелерін талдау барысында мемлекеттік сатып алу заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін бірқатар мән-жайлар анықталды.
Атап айтқанда, **«Жетісу жастары ұйымының Конгресі» жастар қоғамдық бірлестігінің** конкурсқа берген өтінімін талдау барысында аталған әлеуетті өнім берушіге **«Жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі»** критерийі бойынша балдардың негізсіз жоғары қойылғаны анықталды.
Қазақстан Республикасының **«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 4-бабына** сәйкес мемлекеттік сатып алу мынадай қағидаттарға негізделеді:

- әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндік беру;
- әділ бәсекелестік;
- ашықтық және сатып алу рәсімдерінің айқындығы.

Сонымен қатар, **Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына** сәйкес конкурс комиссиясы әлеуетті өнім

берушілердің өтінімдерін **тек ұсынылған құжаттардың негізінде және бағалау критерийлеріне қатаң сәйкестікте бағалауға міндетті.**
Алайда конкурс комиссиясы **«Жетісу жастары ұйымының Конгресі» жастар қоғамдық бірлестігіне**ұсынылған құжаттармен расталмаған жұмыс тәжірибесі үшін жоғары балл беру арқылы бағалау критерийлерін қолдану тәртібін сақтамаған деп есептейміз.
Осы критерий бойынша аталған ұйымның өтінімі **6 (алты) балмен бағаланған**, бұл «Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген аумақта (бұл жағдайда — Алматы облысы, Жамбыл ауданы) әлеуметтік жобаларды іске асыру тәжірибесі бес жылдан артық» деген анықтамаға сәйкес келеді.

37	Проведение информационной компании среди молодежи и жителей Жамбылского района, направленной на разъяснение основных положений антикоррупционной стратегии Республики Казахстана на 2015-2025 гг.	КАЗАХСТАН Алматинская область, Жамбылский район, Узынагашский с.о., с.Узынагаш, Абая, 47	ГУ "Отдел внутренней политики Жамбылского района"	с 2018 июнь по 2018 декабрь	Акт выполненных работ №1 от 26.09.2018г и ЭСФ №1 от 26.09.2018г №1 26.09.2018	Акт ЭСФ и Договор.pdf

59	Организация и проведение мероприятий по охране окружающей среды и бережному отношению к природным ресурсам, соблюдению законодательства об охране окружающей среды, повышению уровня экологического образования и экологического воспитания подрастающего поколения Жамбылского района	КАЗАХСТАН Алматинская область, Жамбылский район, Узынагашский с.о., с.Узынагаш, Абая, 47	ГУ "Отдел внутренней политики Жамбылского района"	с 2021 июнь по 2021 ноябрь	Акт выполненных работ №1 от 16.11.2021г и ЭСФ №1 от 16.11.2021г №1 16.11.2021	Акт ЭСФ и Договор.pdf
60	Организация информационных кампаний в рамках Государственной программы развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2019 годы	КАЗАХСТАН Алматинская область, Жамбылский район, Узынагашский с.о., с.Узынагаш,	ГУ "Отдел внутренней политики Жамбылского района"	с 2018 октябрь по 2018 декабрь	Акт выполненных работ №1 от 29.11.2018г и ЭСФ №1 от 29.11.2018г №1 29.11.2018	Акт ЭСФ и Договор.pdf

68	Проведение мероприятий, направленных на разъяснение Послания Главы государства народу Казахстана, программных документов «Взгляд будущее: модернизация общественного сознания», «Семь граней Великой степи», а также на укрепление межэтнического и межконфессионального согласия», семейных ценностей, сохранение нулевой терпимости ко всем видам бытового насилия и по профилактике терроризма, религиозного экстремизма и проведение мероприятий, посвященных 175-летию Жамбыла Жабаева в Жамбылском районе	КАЗАХСТАН Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, Абая, 47	ГУ "Отдел внутренней политики Жамбылского района"	с 2021 июнь по 2021 ноябрь	Акт выполненных работ №1 от 16.11.2021г и ЭСФ №1 от 16.11.2021г №1 16.11.2021	Акт ЭСФ и Договор.pdf
72	Организация информационной кампании, направленных на сохранение здоровья, на формирование здорового образа жизни и спорта среди жителей района и молодежи.	КАЗАХСТАН Алматинская область, Жамбылский район, Узынагашский с.о., с.Узынагаш, Абая, 47	ГУ "Отдел внутренней политики Жамбылского района"	с 2018 март по 2018 декабрь	Акт выполненных работ №1 от 26.09.2018 №1 26.09.2018	Акт Эсф и договор.pdf
75	Проведение мероприятий, направленные на реализацию гендерной политики и определение роль женщины в укреплении семейных отношений моральноэтических и духовнонравственных ценностей	КАЗАХСТАН Алматинская область, Жамбылский район, Узынагашский с.о., с.Узынагаш, Абая, 47	ГУ "Отдел внутренней политики Жамбылского района"	с 2018 июнь по 2018 декабрь	Акт выполненных работ №1 от 26.09.2018г и ЭСФ №1 от 26.09.2018г №1 26.09.2018	Акт ЭСФ и Договор.pdf
94	Проведение и организация мероприятий, направленных на охрану здоровья граждан, пропаганду здорового образа жизни среди жителей Жамбылского района	КАЗАХСТАН Алматинская область, Жамбылский район, Узынагашский с.о., с.Узынагаш, Абая, 47	ГУ "Отдел внутренней политики Жамбылского района"	с 2021 июнь по 2021 ноябрь	Акт выполненных работ №1 от 16.11.2021г и ЭСФ №1 от 16.11.2021г №1 16.11.2021	Акт ЭСФ и Договор.pdf

Алайда **«Жетісу жастары ұйымының Конгресі» жастар қоғамдық бірлестігінің** конкурсқа берген өтінімінің **12 - қосымшасының 6 -**

тармағында көрсетілген мәліметтерге сәйкес, аталған әлеуетті өнім берушінің жергілікті бюджет қаражаты есебінен расталған жұмыс тәжірибесі **2 (екі) жылдан аспайды.**
Осыған байланысты конкурс комиссиясының шешімі ұсынылған құжаттардағы нақты мәліметтерге сәйкес келмейді.
Сонымен қатар, конкурс комиссиясы тарапынан әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін бағалау кезінде ұсынылған құжаттарда көрсетілген нақты мәліметтерге сәйкес келмейтін балл қою фактісі **мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің объективтілігі мен заңдылығына күмән туғызады.**
Бұл жағдай мемлекеттік сатып алу нәтижесіне **тікелей әсер етуі мүмкін**, сондай-ақ әлеуетті өнім берушілердің **тең құқықтылығы мен әділ бәсекелестік қағидаттарының бұзылуына алып келеді.**
Осыған сәйкес, конкурс жеңімпазы ретінде айқындалған әлеуетті өнім берушінің өтініміне берілетін әділ және заңды баға қазіргі **6 (алты) балдың орнына 2 (екі) балды** құрауы тиіс еді.

Жоғарыда келтірілген фактілер мен нақты дәлелдерді ескере отырып, конкурс қорытындыларын қайта қарауды және әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа берген өтінімдеріне ұсынылған құжаттарға сәйкес **объективті және заңды баға беруді**, атап айтқанда:

«Жетісу жастары ұйымының Конгресі» жастар қоғамдық бірлестігі үшін «Жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі» критерийі бойынша балдарды 6 балдан 2 балға дейін төмендетуді сұраймыз.

Біздің болжамымыз бойынша, аталған әлеуетті өнім берушінің өтінімінің объективті қорытынды бағасы **20 балды** құрауы тиіс.

«Адам және қоғам» ҮЕҰ ҚБ директоры Нұрғалиева Г.Т.
электрондық қол қойылған

Толтырылған күні: **07.03.2026 жыл**